

Алматы облысы әкімдігінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі "Облыстың мемлекеттік кәсіпорындарының және мекемелерінің балансында тұрған объектілерді (Алматы облысы әкімдігінің коммуналдық меншігі) кейіннен сатып алу құқығымен және сатып алу құқығынсыз мүлікті жалға (арендаға) беру Ережелерін бекіту туралы" N 21 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 8 қазандағы N 187 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 31 қазанда N 2018 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілері туралы" Заңының 28-бабындағы 4-тармағына және Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 29 шілдедегі "Алматы облыстық қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атын өзгерту туралы" 149 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 7 мамырда тіркелген N 1128 нормативтік құқықтық актілерді және 2003 жылғы 22 мамырда "Огни Алатау" газетінде жарияланған өзгерістер және толықтырумен облыс әкімдігінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі "Облыстың мемлекеттік кәсіпорындарының және мекемелерінің балансында тұрған объектілерді (Алматы облысы әкімдігінің коммуналдық меншігі) кейіннен сатып алу құқығымен және сатып алу құқығынсыз мүлікті жалға (арендаға) беру Ережелерін бекіту туралы" N 21 қаулысына, мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2006 жылғы 21 наурызда тіркелген N 1959 нормативтік құқықтық актілерді және 2006 жылғы 22 мамырда "Жетісу" газетінің N 39 жарияланған облыс әкімдігінің 2006 жылғы 10 ақпандағы "Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі "Облыстың мемлекеттік кәсіпорындарының және мекемелерінің балансында тұрған объектілерді (Алматы облысы әкімдігінің коммуналдық меншігі) кейіннен сатып алу құқығымен және сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (арендаға) беру Ережелерін бекіту туралы" N 21 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" N 36 қаулысына төмендегі өзгертулер енгізілсін:

қаулының 2 тармағындағы "Алматы облыстық қаржы басқармасы" деген сөз тіркестері "Алматы облысының қаржы басқармасы" деген сөз тіркесімен алмастырылсын;

барлық мәтін бойынша облыстың мемлекеттік кәсіпорындарының және мекемелерінің балансында тұрған объектілерді Алматы облысы әкімдігінің коммуналдық меншігі кейіннен сатып алу құқығымен және сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға арендаға беру Ережесіндегі "Алматы облыстық қаржы басқармасы және аудандық (қалалық) қаржы бөлімдері" деген сөз тіркестері "Алматы облысының қаржы басқармасы" деген сөз тіркесіне алмастырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары

Б . Д . Т ә к е н о в қ а

ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

С. Үмбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК